# Оқушыларды көркем еңбекке баулу

**ТҰРСЫН ЕРТАЙ АСҚАРҰЛЫ**
**Атырау қаласы «Файна Досымова атындағы**
**№12 орта мектер» КММ**
**Көркем еңбек пәні мұғалімі**

Білім мен тәрбие ажырамас егіз ұғым. Ұлы данышпан Әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берген білімнің күні қараң» деген сөзі осыны дәлеледесе керек. Сондықтан бүгінгі ұрпақтарға білім-ғылым нәрін берумен қатар, өз халқымыздың тағылым қағидаларын жеке тұрғыда үйретіп, игерудің мәні зор. Себебі, бүгінгі бала ертеңгі ата-ана, бала тәрбиелеуші, халық өкілі, ел намысын қорғаушы, ата-бабалардың ісін жалғастырушы мәңгілік күш. Сол себепті жалпы білім беретін орта мектептерде бұл мәселені жолға қою, яғни егеменді елімізге қазақ қоғамын қалыптастыру – басты міндет.

Эстетикалық мәдениетті дұрыс қалыптаспаған адам ғылымда, саясатта және қоғамда өзгелермен тіл табысуда мәдениетті түрде адамгершілікпен әрекет жасай алмайды. Сондықтан қазірден бастап мектеп оқушыларына ойлау, эмоционалдық сезімдерді қалыптастыру, экологиялық, патриоттық тәрбиелер ауадай қажет, оны ұлттық қолөнеріміз бен мәдениеттің қатысуынсыз жеткізу мүмкін емес.

Қазіргі күннің талабы – білімді, өнерлі, өнегелі жас ұрпақ тәрбиелеу. Әлемдік білім беру жүйесі XXI ғасырда жаңа, тың бағытта дами бастады. Білім берудің мазмұны, мақсаты өзгерді. Қоғам, мемлекеттік болған соң, ең алдымен, білім, тәрбие керек. Сондықтан да елбасымыз Н.Назарбаев өзінің Жолдауларында білім мен өнер, мәдениет салаларына айрықша көңіл бөліп, еліміздің жарқын болашағы білікті де парасатты жастардың қолында екенін назардан тыс қалдырған емес.

Көркем эстетикалық тұрғыда тәрбиелеуде ұлттық өнерді үйретуде мына мақстаттарды алға қоюымыз керек:

- халықтың ғасырлар бойы жинақталып, іріктеп алған озық тәрбиесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын дүниетанымын, өмірге көзқарасын және оған сай мінез-құлқын қалыптасытыру;
- жас ұрпаққа халқымыздың асыл дәстүрі мен салтынан мағлұмат бере отырып дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, бойында басқа игі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу;

- ұлттық қолөнері және рухани-мәдени байлығымызды танып-білуге тәрбиелеу. Өз отанының және халқының қолөнер мұраларын танып, жетік меңгеру;

Еліміздің өркениетті елдер қатарынан алдыңғы орындарды иеленуге ұмтылуы жағдайында жас ұрпақты жан-жақты дамыта тәрбиелеу қажеттігі арта түседі. Мұны жүзеге асырудың бір жолы олардың эстетикалық тәрбиесін жетілдіру болып табылады. Өйткені жеке тұлғаның эстетикалық тұрғыдан дамуы тәрбиенің құрамдас бөліктерінің барлығымен сабақтастықта, өзара байланыста жүзеге асырылады. Әсіресе, бұл сәндік-қолданбалы өнерді үйрету үрдісінен айқын көрінеді.

Жас жеткіншектерге ұлттық өнердің қыры мен сырын игерте отырып, олардың эстетикалық сезімталдығын, ой-қиялын, көркемдік талғамы мен шығармашылық қабілетін шыңдау, балалардың өзі өмір сүретін ортасына сұлулық әкелуге деген құштарлығын, туған халқының көркем-мәдени мұраларына, эстетикалық дәстүрлеріне деген сүйіспеншілік қатынастарын тәрбиелеуге зор мүмкіндік туғызады.

Қазіргі уақытта эстетикалық тәрбие үлкен маңызға ие. Оның міндеттерінің бірі – жасөспірімдердің шынайы өмірге, өнерге эстетикалық қарым-қатынастарын қалыптастыру. Ал бұл шығармашылық тұрғыдан іздемпаз тұлғаны дамытудың факторы саналады. Адамның шындыққа, өнерге эстетикалық қарым-қатынасы эстетикалық қабылдаудан басталады және онсыз қалыптасуы мүмкін емес. Осыған байланысты балалардың эстетикалық тұрғыдан қабылдау және бақылау қабілеттерін дамытудың қажеттілігі артады. Осы қабілеттердің дамуы өмір мен өнердегі әсемділікті, ұлылықты, шынайылықты түсінуге және оларды талғамсыздықтан ажырата білуге мүмкіндіктер жасайды. Эстетикалық қарым-қатынастар эмоционалдық сипатқа ие болғандықтан өмір мен өнердің эстетикасын тану, эстетикалық күй кешу, сезіну арқылы жүзеге асырылады. Әсемдікті, ұлылықты қабылдау адамды алуан түрлі сезімге бөлеп, жағымды әсер қалдырады.

Эстетикалық тұрғыдан қабылдау адамның туа біткен қабілеті болып табылмайды. Ол білгілі бір мәдениеттіліктен, даярлықтан, эстетикалық білімділіктен талап етіледі. Бұл эстетикалық қажеттілік, қабілет, талғам, бағалау және т.б. сапаларды қамтитын жеке тұлғаның эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың қажеттілігін арттыра түседі.

Шындыққа эстетикалық қарым-қатынас затты, құбылысты эстетикалық тұрғыдан бағалаулан да көрінеді. Ал эстетикалық тұрғыдан бағалау эстетикалық талғамнан талап етіледі. Жасөспірімнің эстетикалық талғамы оның эстетикалық тұрғыдан сезімін білдіру, оны саналы ойдан өткізу, көркемдік сапаны эмоционалдық бағалау, көркемдік нысанды жеке эстетикалық қажеттілігі деңгейімен салыстыру және т.б. қабілеттерді қамтитын психикалық қасиеттерінің күрделі кешені болып табылады.

Эстетикалық талғам жеке тұлғаның қажеттіліктері мен идеалымен қатар жүретін күрделі білім. Ол жеке тұлғаның эстетикалық тәрбиелілігінің көрсеткіші, көркемдік дамуының деңгейі болып саналады. Эстетикалық талғамның дамуында қиял, елес және көркемдік ой үлкен мәнге ие болады. Жасөспірімдірдің осы сапаларының дамуына тарихы мен мазмұны терең сәндік-қолданбалы өнер сласындағы жан-жақты білімдер, аталған өнер түрлерінің туындыларын жасау барысындағы шығармашылық тапсырмаларды орындау ықпал етеді.

Жасөспірімдердің сәндік-қолданбалы өнерді меңгеру үрдісінде эстетикалық мәдениетін қалыптасытыру оның адам өміріндегі рөлін жетік түсіндіруден, оның маңыздылығы мен мәнін және спецификалық заңдылықтарын толық ашып көрсетуден де талап етіледі. Бұл жағдай сабақтарда халық өнерін қазіргі мәдениеттің ажырымас бөлігі тұрғысынан, кәсіби өнермен өзара әрекеттестігі, ерекше типтегі шығармашылық тұрғысынан қарастырғанда ғана мүмкін болады.

Мектептегі технология сабағында және үйірме жұмыстары барысында шәкірттерге қолөнер арқылы жан-жақты эстетикалық тәрбие беру, оларды көркем еңбекке баулу халқымыздың мәдени мұрасын жүйелі меңгеруге мүмкіндік береді, рухани игіліктерді бағалай білуге тәрбиелейді.

Оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, қиялына қозғау салып, көркем еңбекке баулуда сыйлық заттар жасатудың тәрбиелік мәні зор. Ұлтты танытатын сыйлық  заттар жасау барысында әр бұйымды, дәстүрді зерттеу арқылы ізденіс туындайды, оқушылар бойында патриотизм қалыптасады.

Ең басты міндет оқушыларды көркем еңбек арқылы қызығушылықтарын арттырып, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу, еңбекке деген ынтасын арттыру.

Халық шеберлерінің қолынан шыққан бұйымдарын талдап қана қоймай, соларға ұқсатып жасау баланың шығармашылық жұмысқа, ұлттық өнерге сүйіспеншілігін арттырады, әдемі заттар жасауға талпындырады, рухани-адамгершілік сапалары артады, шеберлігі шыңдалады, еңбекке, еңбек адамдарына құрметі қалыптасады, өз еңбегін және өзгелер еңбегін бағалай білуге тәрбиеленеді. Осы тұлғалық сапалардың қалыптасуы барысында эстетикалық мәдениет элементтері де үлкен мәнге ие болады.

Қазіргі таңда ұлттық ерекшеліктермен жасалған бұйымдарға сұраныстың артуы оқушыларды қазақ халқының кәсіптік қолөнер бұйымдарын дайындай білу іскерлігіне баулу қажеттігін тудырады. Бұл мәселені шешудегі негізгі себеп: оқушы жастарды жаңа экономикалық жағдайда еңбек етуге, өз бағыт-бағдарын анықтауға, мүмкіндіктерін іске асыруға даярлау.

Ұлтымызды танытатын домбыра, қобыз, жетіген, т.б. музыкалық аспаптар, киіз үй, бесік, алтыбақан, қымызға арналған ыдыс-аяқтар, ою-өрнектер, төрт түлік, аңыз-ертегі, салт-дәстүр осының барлығын пайдаланып, түрлі композициядағы сыйлық зат жасау оқушылардың жеке шығармашылықтарын

қалыптастырады. Мысалы: домбыраның құрылысы, түрлерімен таныстырып, жасалу жолдарын үйретіп, бұйымға қажетті ағаш бөлігін таңдап алу керек. Ағаш бөлігіне домбыраның сызбасы орындалып, артық бөліктері арамен кесіп алынып тасталады, сонан соң қашау, түрпі, т.б. құралдардың көмегімен кішкене домбыра жасалады. Сонан соң астына домбыраны орналастыратын тұғыр жасалады. Бұл бұйымдар қайрақ қағазбен өңделіп бір-біріне клейленіп, лакталады. Осылайша бір ғана домбыраны пайдалану арқылы қаншама түрлі сыйлық зат жасауға болады.

Домбыраның бірнеше түрлері бар, оны әр түрлі жағдайда орналастыру, сонымен қатар бұйымның сан алуан болуы оның тұғырына байланысты. Қаламсалғыш бұйым ретінде де, ою-өрнек немесе басқа да заттармен біріктіріп ойластыруға болады. Екі немесе үш бұйымды пайдаланып, күрделі композициядағы сыйлық заттар да жасауға болады.

Сыйлық заттар жасауға бейімделген оқушылар үйлерінде де үнемі көркем еңбекпен айналысады, халқымызды танытатын бұйымдардан неше түрлі композиция ойластырады, алдағы жасайтын туындыларының эскизін салып, ізденіске түседі. Оқушылардың мұндай жұмыстарға қызығушылықтары өте жоғары, бір-екі жұмыстан соң-ақ қажет құралды, материалды өздері таңдай білу қабілеттері пайда болады. Жасаған бұйымдары өте сәтті шыққанда, оқушы өз еңбегінен ләззат алып, қуанышқа бөленеді, қызығушылығы артып одан да әдемі жұмыс жасауға талаптанады. Егер көп қиналып, жұмысы жақсы шықпайтын оқушы болса, оған ұстазы көмектесіп отырып жасатқаны дұрыс. Әрине осындай сан алуан сыйлық заттар жасау, мұғалімнің оқушыларға бағыт-бағдар беріп, оқытып, баулуына, қиялдарын ұштауына байланысты.

Мұғалім әрқашан оқушыларды үйретіп, бағыт-бағдар бере отырып, өзі де жұмыс істеп, шеберлігін көрсету арқылы оқушыларды шабыттандыруы керек. Басты мақсат, оқушылар өз ұстазын “шебер” ретінде танып, үлгі тұтып, еліктеуіне қол жеткізу.

Кәдесыйлықтар жасауды тек қана арнайы топтарда ғана емес, мектептегі барлық сыныптардың технология сабақтары барысында да қолданған жөн. Әр сынып оқушылары өз жас деңгейлеріне қарай композиция құрады. Қолөнер шеберлерінің туындыларына асқан қызығушылықпен мән беріп, зерттей қарап, ұлттық өнерді қадір тұтады. Бұл жұмыстар келешек қолданбалы өнер шеберлерінің қалыптасуының бастауы.

**13.03.2024 ж №T00053**

# Бастауыш сыныпта заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану

**МАЯМЕРОВА БАХЫТГУЛЬ НУРДАУЛЕТОВНА**
**Жетісу облысы Панфилов ауданы**
**«Керімағаш-Арасан ауылындағы орта мектеп» КММ**
**Бастауыш сынып мұғалімі**

Егеменді еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскер, өзіне — өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік азамат етіп тәрбиелеуде мектептің алатын орны ерекше. Бастауыш саты — білім, дағды, іскерліктің қалыптасуының бастамасы болып табылады. Біздің міндетіміз — жеке тұлғаны дамытып, білімге деген сенімін нығайту, оқуға қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру.

Қазіргі заманғы ғылыми — техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына үлкен мақсаттар мен жаңа міндеттер жүктейді. Жас ұрпақты жан — жақты жетілген, ақыл — парасатты, ой — өрісі биік, бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеу — қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Бұл әр мұғалімнің шығармашылық ізденіспен жаңаша істеуін қажет етеді.
Білім негізі мектеп қабырғасынан басталатыны белгілі. Мектеп оқушысы не нәрсені болса да білуге құмар, қолымен ұстап, көзбен көргенді ұнатады. Зейіндері тұрақсыз болғандықтан бір сарынды оқудан тез жалығады. Сондықтан оқу мазмұны мен тәрбие әдістерін жаңарту бағытында оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру үшін жан — жақты іздене отыру керек.

Білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттерінің бірі – оқушыларға терең білім беру. Ал, оның негізі жалпы білім беретін мектептердің оқыту үрдісін жақсартуға білім саласына жаңа технологияларды енгізу болып табылады. Оқу – тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге шығармашылық еңбек етуге жол салады. Пәндерді оқытуда тиімді әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып, сабақты қызғылықты да тартымды өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты екені баршамызға мәлім.Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет.

Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендірудіт міндеттейді. Білім, дағды, іскерліктің қалыптасуының бастамасы – бастауыш саты. Келешекте арнаулы мамандықтарға талпынудың іргетасы да осы бастауыштан басталмақ. Жас бүлдіршіндердің ой-қиялын біліммен нұрландыратын, дүниетанымын кеңейтетін – ұстаз шеберлігі. Әсіресе, терең де тиянақты білім беруді ұлағатты тәрбиемен ұштастыруда бастауыш сынып пәндерінің өзіндік орны ерекше. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы — заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, қарым-қатынас тілі – орыс тілі және ағылшын тілі – әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану – заман талабы болып отыр. Қазіргі таңда оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және жаңа технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Бастауыш сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Негізінен, жаңартылған білім жүйесі – құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді. Оқушыларды заманауи әдіс-тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Жаңартылған оқу бағдарламасы, оқу жоспарлары, тілдік дағдылар, педагогикалық әдіс-тәсілдер және белсенді оқыту технологиялары да қарастырылды.Сол себепті қысқа мерзімді сабақ жоспарын құрастыру барысында оқушылардың жас ерекшеліктеріне басты назарды аударып, мысалы, «Өрмекшінің өрмегі», «Қораптағы сұрақ», «Серпілген сауал» әдіс-тәсілдерін күнделікті қолдану барысында оқушылардынт сабаққа деген қызығушылықтарының арттатындығын аңғардым. Сабақ барысында ресурстарды молынан қолдануға тырысамын. Әр сабақта қолжетімді ресурстарды дұрыс, әрі ұтымды пайдалану тиімді. «Алфавит тізбегі» оқушылар өткен тақырып бойынша алған білімдерін алфавиттегі әріптерден басталатын сөздерді кезекпен атап шығу керек.Мысалы тақырыбыңыз «Қазақстан»«қала» «Менің достарым»болса, А — Астана Ә-әскер Б-бидай В-валюта Г-газ Ғ-ғимараттар «Эссе жазу» 3 минут ішінде өтілген тақырып бойынша не түсінгенін жазады.

Сабақты қорытындылауға өте тиімді әдіс — тәсілдің бірі. «Сұхбат алу» ортаға үш оқушы шақырылады. Екі оқушы бір-бірімен тақырып бойыншасұхбат құрады. Үшінші оқушы түсінгенін әңгімелейді.һ. Әр сабақта топқа бөлу арқылы әр оқушының жұптық жұмыс,топтық жұмыста өз шеберліктерін көрсете алады. Сабақтарымды қызықты әрі оқушыларға жан-жақты жұмыс жасауға тиімді жақтарын қарастырып отырамын. **«Маршрут» ойыны.** Бұл ойын бас қатыру есебі – ойланып табылған сөздің әріптерін, алдыңғы сөздің соңғы әрпі, кейінгі сөздің алдыңғы әрпі болып табылатындай етіп, бірінің соңына бірі тізбектеле орналасқан торкөздерге сөздер толтырады.Мысалы, Алматы-ыдыс-сабын-нар-рахмет-тарақ, -қарбыз т.б. **«Екі әріп» ойыны.** Бірінші қатысушы бір сөз, зат есімді айтады. Келесі қатысушы сол сөздің соңғы екі әрпінен келетін сөзді ойлап табады, бірақ дауыстап айтпайды, тек өз сөзімен түсіндіреді, үшінші қатысушы мұның не туралы айтып жатқанын түсінеді де, сол сөздің соңғы екі әрпіне сөз ойлап табады. Бір қызығы балалар сөзді жасырушының не туралы айтып жатқанын біледі, бірақ ешкім оны дауыстап айтуына болмайды. **«Еске түсіру» ойыны.** Қатар отырған оқушылар бір-біріне теріс қарап отырады да, парталасының аты кім, көзінің түсі қандай, киімі қандай, аяқ киімі қандай, егер қыз бала болса юбкасының түсі қандай, құлағында сырғасы бар ма, осы сияқты белгілерді айтып шығады. Бұл ойын балалардың бір-бірін жақсы тануға, қарым-қатынасын реттеуге көмектеседі. Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады. **«Екі ассоциация» ойыны.** Екі баған сызады да, оған төрт сөзден жазады. Бағанға кез келген адам, жануар, заттардың атын жазады. Осы екі жақтағы сөзді байланыстырып, ерекше бір ассоциация ойлап табуы керек. Мысалы егер бірінші бағанға мысық, екіншісіне жарық деп  жазылса, екі сөзді қосып «жарыққа жылынған мысық», «лампочка спиралы мысық мұртына ұқсайды», «лампочка сияқты» мысық томпақ және жылы», «мысықтың басы лампочка сияқты» т.б. ерекше ұқсастықтар табады. Орындауға 5 минут уақыт беріледі. Жазғандардың ішінен ең қызықты ассоциация таңдалады.**«Қара жәшік» ойыны.**Оқушылар екі топқа бөлінеді. Стол үстіне екі жәшік қойып, ішіне көзілдірік, түйме, гүл, желпуіш, айна т.б. заттарды салады. Ойыншының міндеті жәшік ішіндегі затты өмірде қай кезде, қалай қолданатынын сипаттап айтуы керек. Қарсы топ оларды жасырып отырған затын айтқан сөздеріне қарап табуы керек **«Жолға шығу» ойыны.** Ойын айналадағы заттарға талдау жасауға мүмкіндік береді. Жолға шыққан жолаушы қандай заттарды алады? деген сұрақ қойылады.Бір топ керекті заттар тізімін айтады, екінші топ ол заттар не үшін қажет екенін айтып беруі керек.**«Кемпірқосақ» ойыны.** Бір минут ішінде түстері әртүрлі бес түсті затты ретімен тез айтып шығуға тапсырма береді.

Мысалы: қарбыз (қызыл), лимон (сары), аспан (көк), жапырақ (жасыл), топырақ (қоңыр). Кімде-кім түске сәйкес заттың атын таппай қалса, ойыннан шығады.

Қорыта айтқанда, бағдарламаға сәйкес алынған тәсілдерді сабақта тиімді қолданысқа енгізсеңіз, баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді, оқушылар оқудың қызықты жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйрететіндігін, білімнің тереңдігі, әрі тиянақтылығы артатындығын баяндайды. Білім беру мазмұнын жаңарту аясында өз кәсіби біліктілігімізді шыңдап, құзыреттілігімізді қалыптастырсақ қана тиімді нәтижеге жетеміз деп сеніммен айта аламын.

**13.03.2024 г № T00052**

# Индивидуальная программа сопровождения ребенка с нарушением зрения по теме «Научить незрячего ребенка кулинарному искусству»

**Учитель технологии КГУ «Областная специальная школа-интернат №1 города Есик»**
**КАМАЛОВА Р.А.**

**Цели программы:** заключается в формировании системы адекватного общественного поведения на основе целостного представления об окружающем мире; социально-психологической адаптации лиц с нарушениями зрения к современным условиям жизни.Изучить методику приготовление различного вида теста для незрячего ребенка.

**Задачи программы:**

- Научить инструментальному обследованию инвентаря, содержимого в емкости, определение заданной вязкости теста для приготовления еды, определение размера отрезаемого полуфабриката;
- Научить обучающихся слышать закипающий чайник, определять по запаху готовность блюда, при использовании инструментов определять готовность выпечки;
- Провести диагностику уровня развития навыков по применению кухонных инвентарей и приготовления полуфабрикатов.
- Сделать собственные выводы, на основе проведённых исследований.

**Используемые методы:** тактильно- наглядные практические задания по кулинарному руководству (карточки, кулинарные заметки и видео).

**Ожидаемый результат:**

- Развить умение использовать кухонный инвентарь ;
- Развить пространственные представления при работе на рабочем столе с кухонными принадлежностями;
- Приготовление и замешивание теста в самостоятельно;
- Использовать и применять полученные знания в дальнейшей жизни;
- Организовать мастер класс по выпечки;

**ЭТАПЫ программы:**

**Первыйэтап** – «Вкус жизни: как незрячие люди осваивают кулинарное искусство». Рассказ о том как незрячие люди готовят еду, а некоторые даже становятся высококлассными поварами.

**Второй этап** – Изучение правил безопасности на кухне. Знакомство с кухонным инвентарем, техникой и.т.д

**Третий этап** —Конспект рецептов рельефно-точечным шрифтом, использование их в приготовлении в процессе проекта.

**Четвертый этап** — Технология приготовления дрожжевого и пресного теста (жаренные баурсаки, кеспе)

**Пятый этап** — Технология приготовления десертов (печенье)

**Шестой этап** – Закрепление полученных знаний самостоятельно дома.(практический) Делают выводы о своей проделанной работе.

**Обучающиеся:**

**Омарбекова Гүлнәз – 10 «В» класс:**

Бельмо роговицы. Врожденная катаракта тотальная. OD Кератопластика 2011г. OD-0,01 Vis 0,8-0,01. Интеллектуальная норма.

**Турлиева Ділназ – 10 «В» класс:**

ОИ ретинопатия недоношенных. Рубцовая субатрофия глазных яблок. Фиброз. РОП ЦНП. Астеноневрический синдром. Интеллектуальная норма.

**Тематический план программы**

| № | Название раздела, тема. | Ко-во часов |
|---|---|---|
| | **РАЗДЕЛ ПИТАНИЕ**<br><br>**«Научить незрячего ребенка кулинарному искусству»** | **34** |
| **1** | «Вкус жизни: как незрячие люди осваивают кулинарное искусство». Рассказ о том как незрячие люди готовят еду, а | **2** |

| | | |
|---|---|---|
| | некоторые даже становятся высококлассными поварами. | |
| **2** | Как следует питаться? Продукты растительного и животного происхождения, их разнообразие и значение для здоровья человека. | **2** |
| **3** | Роль режима в приёме пищи и правила питания для поддержания здоровья. | **1** |
| **4** | Изучение правил безопасности на кухне. Знакомство с кухонным инвентарем, техникойи.т.д | **2** |
| **5** | Классификация предметов посудпо группам (кухонная, столовая, чайная) | **2** |
| **6** | Правила сервировки стола. Манеры поведения за столом. Речевойэтикет за столом. | **2** |
| **7** | Механические и электробытовые приборы. | **2** |
| 8 | Чай- напиток здоровья. Технология заваривания чая. | 2 |
| 9 | Сервировка стола к чаю. | 1 |
| 10 | Разные виды тест, их назначения (дрожжевое,пресное, песочное, заварное, бисквитное тесто) | 2 |
| 11 | Технология приготовления дрожжевого теста . | 4 |
| 12 | Технология приготовления пресного теста . | 4 |
| 13 | Технология приготовления десертов. | 4 |
| 14 | Приготовления казахских национальных блюд из теста: лепешки, баурсаки, кеспе; и т.д. | 2 |
| 15 | Экскурсия на предприятие общественного питания. | 1 |

**«Вкус жизни: как незрячие люди осваивают кулинарное искусство».** Рассказ о том как незрячие люди готовят еду, а некоторые даже становятся высококлассными поварами.



**Мария Кудряшева - шеф повар** . Проводит мастер – классы для слабовидящих и незрячих людей. Она учит готовить вкуснейший хлеб и булочки в рамках проекта «Печь может каждый»

Она также организует занятия,на которых вместе с незрячими и слепоглухими людьми пекут дети 10-12 лет. По словам Марии, « Важно самому погрузиться в этот мир, чтобы понимать, с чем сталкиваются люди с такими нарушениями. Тогда получится правильно объяснить технологические процессы. Мы делаем упор на органолептику: нюхаем, слушаем, щупаем, пробуем. То чем нас наделила природа,-это и есть наша лаборатория и инструменты не только выживания, но и технологические». По ее словам, в такой работе практически не используется специальных приспособлений. Готовить помогают разве что говорящие весы. Хлеб и сдобу не зрячим людям печь проще.




В Москве проходил кулинарный конкурс для людей с нарушениями зрения «Вкус Востока на кончиках пальцев» Его организовал Турецко-русский культурный центр. Тогда слабовидящие и незрячие повара соревновались в кулинарных умениях, и пятеро победителей отправились на отдых в Турцию. Ещё одним важным итогом конкурса стало издание кулинарной книги по системе Брайля. Автором рецептов стал знаменитый турецкий повар Омур Аккор. Помимо этой книги существует немало литературы, напечатанной на Брайле или изданной в аудио-формате. Множество рецептов можно найти в интернете.



**Кристин Ха** –американка с вьетнамскими корнями. Она потеряла зрение в 2007 году. А 2012году девушка стала победительницей знаменитого шоу «Мастер шеф», получила награду 250 тысяч долларов и выпустила собственную кулинарную книгу и открыла несколько ресторанов в разных странах и поучаствовала в нескольких телепроектах. Одним из них стало канадское шоу для незрячих людей FourSenses (« Четыре чувства»). Примером Кристин Ха вдохновился итальянец Энтони Андалоро, тоже потерявший зрение. Энтони поменял профессию, отучился у профессиональных поваров и стал востребованным шефом с немалым количеством высоких наград. В работе ему как раз помогает современная «говорящая» кухонная техника.



**Елена Шарыпова незрячий кулинар.** У Елены есть кулинарный сайт kulinyamka.ru. Елена публикует рецепты и статьи о бытовой технике, кухонной утвари и различных продуктах.

Одна из самых важных и трудных задач научить ребенка с нарушением зрением готовить различные блюда. От того, умеет ли ребенок самостоятельно готовить, аккуратно принимать пищу, и т д., зависит его положение в школе, атмосфера в семье, восприятие ребенка окружающими людьми, и его отношение к самому себе.

Если ребенок с нормальным зрением приобретает большинство навыков в естественном опыте жизни, подражая взрослым, то ребенка с нарушением зрения всему этому нужно учить — он не может овладевать действиями по подражанию.

Трудна эта задача еще я потому, что нет, наверное, папы или мамы, которые не понимали бы, чему необходимо учить ребенка, но очень немногие из них знают, как это делать, как облегчить незрячему или слабовидящему ребенку освоение быта, научить приспособляться к нему, быть самостоятельным и максимально независимым от других людей.

Часто родители детей с нарушениями зрения, помимо указанных объективных трудностей, встречаются с трудностями субъективного характера: дети, привыкшие к постоянной родительской опеке, нередко негативно относятся к любой деятельности, требующей усилий, не проявляют интереса к занятиям, желания овладеть какими-либо приемами, стремления к самостоятельности.

Преодолеть трудности как объективного, так и субъективного характера поможет нам и родителям руководство следующими общими правилами. **1. Терпение** — вот что самое главное в нашей работе, так как ребенку с нарушенным зрением не сразу удается самостоятельно приготовить блюдо и оно непременно даст результат, сполна оправдывающий усилия. **2. Не стремитесь научить ребенка всему сразу**. Для него какое-либо действие может быть пока просто непосильным. Разделить действия на мелкие операции.




Добиваться поочередного усвоения каждой операции, закрепляя их практический.

Вывод: Учащиеся получили теоретические знания по технологии приготовления разных видов теста, и закрепили их на практических занятиях. Также девочки использовали свои умения самостоятельно дома.

## Схема наблюдений:

**Познавательные мотивы:** Дильназ и Гульназ охотно прослушали информацию о незрячих людях, о их возможностях. Девочки при обсуждении ответили на поставленные вопросы, заинтересовались чем – то новым, неизвестным для них. Проявили готовность к выполнению теоретического и практического задания ( освоить технологию приготовления теста, овладеть кухонным инвентарем, написать рецепты приготовления по Брайль).

**Социальные мотивы:** Девочки проявляют чувство долга, ответственность, желание и готовность выполнять практическую работу. Отличаются стремлением к сотрудничеству, взаимопомощи.

**Мотивы личностного роста:** Учащиеся проявляют большую заинтересованность в процессе практической работе, стремятся получить консультации по самосовершенствованию. Доброжелательно принимают психологическую поддержку и помощь со стороны учителя.



**Заключение**

Изучение особенностей детей с нарушением зрения, а также опыт работы нашего учреждения показывает, что включение в работу программ индивидуального сопровождения воспитанников оказывает положительное воздействие на развитие воспитанников и их дальнейшую социализацию в коллективе сверстников и в обществе. Дети с нарушением зрения нуждаются в своевременном выявлении необходимости индивидуального сопровождения учебно-воспитательного процесса, в реализации потенциальных возможностей и создании условий для развития. При этом очень важным является выявление недостатков в развитии детей и организация индивидуальной работы с детьми на максимально раннем этапе, что позволяет обеспечить своевременную коррекцию основных недостатков в развитии ребенка и подготовить его к обучению в школе. Необходимо чтобы в тесном сотрудничестве работали воспитатели, учитель-логопед, учитель-дефектолог, педагог-психолог, социальный педагог и медицинские работники для успешной профессиональной деятельности в психолого – педагогическом сопровождении ребенка с нарушением зрения. Мы считаем, что при учете всех требований и реализации данной программы индивидуального сопровождения ребенка с нарушением зрения и речи непременно будет положительный результат.

№ U00013 18.03.2024 ж

# Мәнерлеп және түсініп оқу арқылы оқу жылдамдықтарын дамыту

**СУРАГАНОВА БАГЛАН ЖЕНЕСОВНА**
Қарағанды қаласы
«Н.Әбдіров атындағы ЖББМ» КММ
Бастауыш сынып мұғалімі

Жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу сапасын жақсарту мұғалімдерге жүктелген. Мұның өзі оқытудың тиімді әдістерін іздестіруді, сабақ сапасын жаңа деңгейге көтеруді талап етеді.

Қазіргі кезде жалпы білім беретін орта мектептердің алдында үлкен міндеттер тұр. Ол заман талабына сай, рухани дүниеге бай жас жеткіншектерді тәрбиелеп шығару. Бала өмірінде бастауыш сынып мұғалімінің алатын орны зор. Олар мұғалімнің көмегімен оқудың, жазудың ойланудың дағдыларын қалыптастырады.

Қандай да болмасын дағдыға бала басқалармен қарым-қатынас жасау барысында үйренеді.Бала үлкендердің істеген әрекеттерін көріп бақылап,оған еліктейді, кейін оны өзі істей бастайды.Ал оқытуда мұғалім дағдыландыратын әрекеттерін әдейі көрсетеді,түсіндіреді,балалар оның орындалуын бақылайды.Осы процесс сыртқы әрекеттің адамның бойына сіңуі,ішкі психикалыққа айналуы интериоризация деп аталады,яғни сыртқы заттық әрекеттің ақыл-ойға, санаға өтуі.

Мектептегі оқу үрдісі сауат ашудан басталатыны белгілі.

Сауат ашу жұмысының мақсаты-балаға хат таныту,яғни оған оқумен жазуды үйрету.Сауат ашу –аса жауапты да күрделі жұмыс.Қазіргі таңда мұғалім оқушыға бәрін алдын-ала өзі дайындап бермеуі тиіс,оқушы өзі ізденуі қажет.Ал мұғалім оқушының оқуын,ақыл-ой дамуын ұйымдастыруы,оған басшылық жасауы қажет.

Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ десек,жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған келесі мәселелердің бірі –білім беру,ғылымды дамыту,жан-жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Бастауыш сыныптан-ақ негізі қалануы тиіс маңызды міндеттің бірі-оқушылардың оқу дағдысын дұрыс қалыптастыру.

Дағды дегеніміз –ол автоматты түрде жасауға дейін жеткізілген әрекет,көп рет қайталау жолымен қалыптасады,оқыту процесінде,әсіресе жалпы оқу дағдыларын қалыптастыру керек.

Дағды жаттығу процесінде қалыптасады.

Оны қалыптастыру үшін жай қайталау жеткіліксіз,оған арнайы жаттығу қажет.Кез келген қайталаудан жаттығу шықпайды.

Мәселен,адамның нашар жазуы көп қайталағанмен түзелмейді,себебі мұнда арнайы жаттығулар жүйесі жоқ. Жаттығу жөнінде белгілі бір ережелерді білмей ,яғни дағдыны қалыптастыру,жаттығу қандай жолмен жүріп отыратындығымен таныспай,қандай дағдыға болса да ие болу қиын.

Оқу дағдысын дұрыс қалыптастыру мынадай талаптардан туындайды:

- Оқу техникасы (дұрыс, тез қабылдау және сөздерді дыбыстау).
- Мәтін мазмұнын түсіну (негізгі ойды, мазмұнын ажырату).

Бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланысты. Өйткені, оқу техникасын жетілдірмей – түсіну, дұрыс оқу жүзеге аспайды.

Бастауыш сынып мұғалімдері үшін мынандай міндеттер туындайды:

- оқушылардың оқу дағдысын қалыптастыру;
- көркем шығармаларды оқуға деген қызығушылығын арттыру;
- шығарманың түпкі мазмұн-мәнін түсінуіне, сезімталдықпен қабылдауына қол жеткізу;
- мәтіндегі сөздер мен сөз тіркестерін, сөйлем мен сөйлем үлгілерін үйрете отырып, ана тіліміздегі сөз мағыналарыының түрленуіне көңіл аударту;
- ауызша және жазбаша байланыстырып сөйлеуін дамыту;
- өзіндік ой-пікірін айта білуге баулу;
- оқушылардың бойына ізгілік пен имандылық, адалдық пен адамгершілік қасиеттерін дарыту.

Бастауыш сынып мұғалімдері үшін мынадай оқыту әдістері бар:

Репродуктивті әдіс арқылы оқушы дайын білімді есінде сақтап,ойын қатесіз айтып бергенімен,ақыл-ой белсенділігі төмен болады.

Эвристикалық әдіс арқылы ақыл-ой жұмысы күшейеді,оқушы білімді өзінің танымдық іс-әрекеті арқылы алады.

Бинарлық әдістер бір-бірімен тығыз байланысты, оқыту мен оқудың тәсілдерін қолдануды талап етеді.

Көрнекілік әдістер:Иллюстрация (плакат,кесте,картина, карта ,суреттер)

Демонстрация(кино- фильмдер,диафильмдер теледидар,диалог құру,ертегілерді рольдік ойындармен ойнау) көрсету арқылы;

Ойын әдісі ойдан –ойға жетелейді,алысқа меңзейтін, өз бетінше күрделі мәселені шешеді,ынтымақтастықпен жұмыс жасайды, қызығушылық арттырады.

Бастауыш сыныптарда оқушылар ана тілі сабағында өздерінің білім мен тәрбие алуына қажетті әртүрлі оқу дағдыларын қалыптастырады.

Оқу - өте күрделі психологиялық үрдіс. Оқушылардың оқу дағдыларын қалыптастыру жалпы тіл дамуымен, оның ішінде әдеби жазба тілімен де, сөйлеу тілімен де тікелей қабысып жатыр.

Оқу барысында көру, есту, сөйлеу мүшелерінің қызметі қатар жүргізіліп, ол түсіну әрекетімен тығыз байланысады. Кейбір жағдайда оқушылар мүдірмей шапшаң оқыса, осы қанағат етіп, оқу дағдысы қалыптастырылды деу қате. Себебі, үңіле қарасақ, бала шапшаң оқығанмен, оны саналы түрде түсініп, дауыс ырғағын келтіре мәнерлеп оқи алмауы мүмкін.

Оқушымен жүргізілетін оқу дағдысын қалыптастыруға қажетті жаттығулар мұғалім тарапынан тілдің заңдылықтары, қасиеті, ережелері меңгерілген кезде ғана мүмкін болады.

Яғни грамматиканың жеке бір ережелерін, орфографиялық және тыныс белгілерінің ережелерін жете білгенде ғана, оқу дағдысының жаттығуларын жүргізу мүмкіндігі туады.

Оқу сабағын жүргізуде және оған қажетті әдіс-тәсілдерді іздестіру үстінде мыналарды ескеру қажет:

Біріншіден, бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдысының жетілдірудің бір шарты – оқушының дұрыс және мүдірмей оқуын қамтамасыз ету. Олай етпеген жағдайда оқушының мәтінді толық түсінуі мүмкін емес.

Мәтінді толық түсіну үшін сабақ үрдісінде оқудың мына түрлерін жүргізуге болады:

- мәтінді толық оқу;
- мәтінді бөлімдерге бөліп оқу;
- мәтінді дайын жоспар бойынша оқу;
- мәтін бойынша жоспар құру;
- абзац бойынша оқу;
- мәтінді жартылай дауыстап оқу;
- мәтінді рольге бөліп оқу;
- мәтінді оқып, мазмұндау;
- мәтінді қысқартып оқу;
- мәтіннің негізгі ойын білдіретін бөлікті тауып оқу
- ертегілерден қиял мен шындықты бейнелейтін үзіндіні түсініп оқу.

Екіншіден, оқу сабағында ойлау қабілетін, қызығушылығын, байқаушылығын, салыстыра білетін қабілетін, ой - өрісін дамыту үшін мына оқу түрлерін пайдалануға болады:

- мәтіннен қатты, ақырын, жылдам, баяу оқылатын сөйлемдерді табу;
- мәтіннен логикалық ықпалы бар сөйлемдерді тауып оқу;
- мәтіннен ереже бойынша сөйлем тауып оқу;
- мәтіннен нақыл сөздерді тауып оқу;

- мәтіннен көтеріңкі көңіл-күйге байланысты сөйлемдерді тауып оқу;
- мәтіннен мағынасы жақын сөздерді тауып оқу;

Үшіншіден, оқу сабағында оқушының шығармашылық қиялына әсер ете білу үшін келесі оқу түрлерін қолдануға болады:

- мәтіннен суретке сәйкесті үзіндіні тауып оқу;
- мәтіннен сұрақтарға жауап тауып оқу;
- мәтіннен көркем бейнеленген үзіндіні тауып оқу;
- мәтіннен мақал-мәтелге сәйкес үзінді тауып оқу;
- мәтіннен кейіпкердің жағымды бейнесін суреттейтін үзіндіні тауып оқу;
- мәтіннен жағымсыз кейіпкерді суреттейтін үзіндіні тауып оқу;

Оқушыларды дыбыстарды ажыратуға, одан кейін дыбыстарды біріктіріп дауыстап оқуға үйрету керек. Жалпы жылдам оқыту барысында балаларды оқудың 2 түрін – дауыстап және іштей оқу формаларын қалыптастыру қажет.

Дауыстап оқу – оның кідіріссіз және әрбір сабақ бағдарламасына сәйкес оқу темпінде, мәтінді мәнерлеп оқудан тұрады.

Іштей оқу – көзбен оқудан тұрады.

Оқу техникасын жеделдетуге Федоренко мен Пальченко мынандай жаттығуларды ұсынады:

- Қайталай бірнеше рет оқу.
- Жаңылтпаш қарқынмен оқу.
- Оқып келе жатып оқымаған бөлімге ауысып мәнерлеп оқу.
- Қиын сөздер мен сөз тіркестерімен жұмыс.
- Суреті көп кітаптарды көрсету, балалар оқығысы келеді.
- Кластан тыс оқуды ұйымдастыру.
- Слайдтарды пайдалану.
- Ойын ойнату – сөйлемде қойылмай қалған сөздерді табу.
- Жұптасып оқу. (2 адам оқу).
- Сабақта үйге берілген текстен үзінді оқу.
- Мәтінді түгел оқу.
- Мәтінді оқу, бөлімдерге бөлу, жоспар құру.
- Белгіленген жоспар бойынша оқу.
- Мысалдардан мақал-мәтел, нақыл сөзге айналған жолды тауып оқу.
- Мәтіннен лепті, сұраулы, хабарлы сөйлемдерді табу.
- Мәтінді іріктеп көркем сөз, теңеулерді тауып оқу.
- Мәтін ішіндегі ең ұзын сөзді оқу.
- Мәтіннен 2,3,4 буынды сөздерді табу.
- Мәтіннен сұраққа жауапты іздеу, үзіндіні табу.

- Мәтінді оқу, әңгіме несімен ұнағанын, ұнамағанын айту.
- Мәтінді оқу, оқығанын қимыл-қозғалыс арқылы әңгімелеу.
- Мәтінді рөлге бөліп оқу.
- Мәтіннен жылдам, жай, көтеріңкі дауыспен оқылатын сөйлемдерді табу.

- Мәтінді оқу, шағын мазмұндама жазу.
- Мәтінді оқу, шағын шығарма жазу.
- Мәтінді оқу, жай, күрделі жоспар оқу.
- Мәтінді оқу, мағынасы түсініксіз сөздерді белгілеу.
- Мәтіннен өкінішті, аянышты, мысқылмен, қуаныш, ренжіп, т.б. эмоциалды кейіппен оқылатын сөйлем, үзіндіні тауып оқу.
- Мәтіннен іріктеп көркем сөз, теңеулерді тауып оқу.
- Оқу арқылы көру диктантын жаздыру.

Оқу дағдыларын қалыптастыруда оқушыны дұрыс түсініп, шапшаң және мәнерлеп оқуға үйрету керек. Осы талапты іске асыру, яғни жаттықтыру жұмысын жүргізу жолдары мектеп тәжірибесінде әлі де анықталуда.

Оқу дағдысының үш түрі дұрыс оқу, түсініп оқу және мәнерлеп оқуды қалыптастыру ғылыми - әдістемелік жолмен анықталып отыр.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдыларын жетілдіруде қойылатын талаптың бірі – оқушыны мәнерлер оқуға үйрету.

Мәнерлеп оқу дегеніміз – мәтіндегі сөздің мағынасын бұзбай, дыбысталуы жағынан анық етіп жатық оқу. Мәтінді саналы түрде түсініп оқу мен дұрыс оқу оқи білудің талаптарын қамтыса, мәнерлеп оқуға үйрету қандай мәтінді болса да саналы түрде түсініп оқуға жетелейді.

Қандай мәтін болмасын мазмұнын дұрыс ұғып, онда айтылғандарды саналы түсіну үшін және тыңдаушыда жақсы әсер қалдыру үшін оқушының дауыстап оқудағы дауыс ырғағы мен оқу мәнерінің де мәні зор.

Сабақ үрдісінде мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру үшін мына оқу түрлерін жүргізуге болады:

- мәтінді тыныс белгілеріне сәйкес дауыс ырғағын келтіре оқу;
- леп белгісі бар сөйлемдерді дауыс ырғағымен оқу;
- өлеңді мәнерлеп оқу;
- өлеңді дауыс кідірісімен мәнерлеп оқу;
- өлең жолдарын дауыс кідірісімен тізбектей оқу;
- өлеңнен немесе мәтіннен үзінділерді мәнерлеп оқу.

Сөзімді қорытындай келе, аталған жаттығулар оқушының оқу жылдамдығын арттырып, оқуға деген дұрыс көзқарасын қалыптастырады. Оқу процесі кезінде зейін қоюды және берілген материалды есте сақтауды дамытады

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1.С.Рахметова.Қазақ тілін оқыту методикасы.Алматы:Ана тілі.

1991ж-184б.

2.Ш.Сәтиева.Оқушылардың оқу техникасын дамыту. Ұлағат.-2004№4.

3.О.А.Анреев.Техника быстрого чтения.Ростов-на-Дону,2003.

# МАЗМҰНЫ


- САРСЕНОВА ЖАДРА ИЗТУРГАНОВНА
- САРСЕНОВА УЛЖАН ИКЛАСОВНА
- САРСЕНГАЗИЕВА БАКТИГУЛ ОМАРОВНА
- БЕСБАЕВА ГУЛНАР
- КАЛНИЯЗОВА РЫСБИБИ ХАЙЧИБАЕВНА
- ЗИГАЕВА САНТУРЕ ЖАНИБЕКОВНА
- ТҰРСЫН ЕРТАЙ АСҚАРҰЛЫ
- МАЯМЕРОВА БАХЫТГУЛЬ НУРДАУЛЕТОВНА
- КАМАЛОВА Р.А.
- СУРАГАНОВА БАГЛАН ЖЕНЕСОВНА